

Бекітемін
ЖШС «Дарын бөбекжай-балабақшасы»
меңгеруші: **Исбаева Н.М.**



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы **бөбекжай-балабақшасы «Дарын»**

Топ: ортаңғы **«Еркетай»**

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _Курманбаева Ж.К.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу					"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					іскерліктерін ынталандыру.
					"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. Мазмұны: балалар "Сиқырлы қапшықтың" ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атап, түсін айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Менің отбасым". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуды үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік

					беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. "Отбасы мүшелерін қазақша ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ тілін білуін дамыту үшін, отбасындағы туыстық атауларды қазақ тілінде атау. (қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарықатынас негіздерін дамыту.				

	Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй және іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір- бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (көркем сөз, сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					Дене шынықтыру "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл

					үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды екі топқа бөліп, допты белгіленген нысанаға лақтырудың негізгі нүктесін көрсетіп және қалай лақтыру керегін үйрету. (дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (дербес әрекет)				
Серуен					Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігіне назар аударуды үйрету; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспанның бұлтты немесе бұлтсыз болуын бақылау; бұлттың қозғалысын

					бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе ыдырап кететінін атап өтуге болады. Жұмбақ. (көркем әдебиет) Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сын- сипаты бойынша табиғат құбылысын табуға машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар
--	--	--	--	--	---

					ұшады, найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш,				

	Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (көркем сөз) Д. Ахметова "Ұйықташы, қозым". Ұйықташы, қозым, Жұмылсын көзің. Ұйқың тәтті болсын, Денең қуатқа толсын.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. (дербес әрекет, дене шынықтыру) Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,					Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтарды жинайық" Мақсат-міндеттері.

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина". Мақсат-міндеттері. Текшелерді түстеріне қарай жинау. Құрастырудан ойын-жаттығу. "Балабақша - біздің үйіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп
--	--	--	--	--	---

					қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. "Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Текшелер мен призмалардан құрылған құрылыс материалдарының жинағынан балабақша құрау. Вариативті компонент/Шығармашылық "Доппен жаттығу". Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздың қасиеттерімен таныстыру; ұйымдастырылған іс-әрекетте шығармашылыққа баули отырып, ермексаздан доп жасаудың тәсілдерін үйрету; шығармашылық жұмысты топпен орындауға дағдыландыру; ермексаздан допты жасауда икемділікке баулу; доптың қасиеттері жөнінде ұғымдарын қалыптастыру.
Балалармен жеке					"Ғажайып дорба"

жұмыс					дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен					Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға көк аспанның кеңдігін тамашалауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқау; бұлттың қозғалысын бақылау; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтынын немесе ыдырап кететінін бақылау. Жұмбақ. (көркем әдебиет) Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды,

					жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сын-сипатына қарай табиғат құбылысын шеше білуге машықтандыру (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек
--	--	--	--	--	--

					дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясы болуын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Кешкі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (көркем әдебиет) Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (3-6 бөлік). Логикалық ойындар (математика негіздері) Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар. (сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойындар. Мақсат-міндеттері: көңілді күй орнату, аспаптардың түрі және дыбыстарын ажырата білуге дағдыландыру. "Шапалақты тыңда" ойыны. Мақсат-міндеттері: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасауға баулу. Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда балалар бір аяқпен, ал екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жаққа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. (музыка, дене шынықтыру) Еркін ойындар.				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.
--	---